

## Ержан Хамитовтың адалдық сағаты

2021 жылғы 25 қарашада Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжінде Адалдық сағаты өтті, оның спикері осы жолы «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар орталығы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Ержан Хамитов болды. Студенттер оның өмірлік ұстанымдары мен қызметі туралы бейнероликті тамашалады. Ержан Хамитов өмірінің басты мақсаты Отанға қызмет ету екенін атап өтті. Ержан Хамитов өз қызметін Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім, Әлихан Бөкейханның ұлы өсиеттері негізінде құрайтынын айтты. Ол жастар өз халқына Әділдік, Адалдық, Парасаттылық қағидаттарында қызмет етуі тиіс деп есептейді.

Бейнероликті көргеннен кейін, пікірталас барысында студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске студент жастарды белсенді тарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсылық деңгейін арттыру, студент жастардың арасында адалдық қағидаларын нығайту мәселелерін талқылады. Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледж студенттері Ержан Хамитовтың ұстанымдарымен келіседі.  
(қамтылуы- 280 адам)

































